

БҰЙРЫҚ

02.09.2022ж

№92 н/к

**Мектепте ұлдар мен қыздар жиналысының
комиссия мүшелерін құру туралы**

31.08.2022 ж өткізілген №1 педкеңестің шешіміне сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде ай сайын өткізілетін ұлдар мен қыздар жиналысының комиссия мүшелері төмендегіше бекітілсін.
 - 1) Қыздар жиналысының төрайымы Абдумуратова Умида мүшелері:
 - 2) Алиханова Рахнома –педагог-психолог
 - 3) Абдулхамидова Гули –медбике
 - 4) Асетова Наргиза .С- биология пәні мұғалімі
 - 5) Асетова Наргиза.М- ДТІЖО
2. 1)Ұлдар жиналысының төрағасы –Жаппаров Салимжан мүшелері:
 - 2) А.Асетов –әлеуметтік педпгог
 - 3) Г.Даданов – педагог психолог
 - 4) Абилаев С – дене шынықтыру мұғалімі
 - 5) Егембердиев F- дене шынықтыру мұғалімі
3. Қыздар мен ұлдар жиналысы ай сайын өткізілсін.
4. Жиналыстың уақытылы өткізілуін қадағалауды қыздар жиналысының төрайымы Абдумуратова Умида, ұлдар жиналысының төрағасы Жаппаров Салимжанға жүктетілсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз құзырымда қалдырамын.



М.Изатуллаева

«Бекітемін»

Мектеп директоры: М.Изатуллаева



2022-2023 оқу жылына арналған **«Инабат»** қыздар ұйымының жылдық жоспары.

МАҚСАТЫ:ізетті,инабатты, адамгершіліктің асыл қасиеттерін терең түсіне білетін, қыздарға тән қасиеттерді,ары таза, сымбатты да сұлу, сыпайы,биязы,өнерлі, болашағы жарқын қыздар тәрбиелеу.

№	Жұмыстың мазмұны	Өтілу түрі	Өтетін мерзімі	Өтілуіне жауапты
Қыркүйек айында өтілетін жұмыстар				
1	№1 қыздар жиналысы 1. 2022-2023 оқу жылына «Инабат» қыздар ұйымының жылдық жұмыс жоспарын жасап, бекіту. 2. «Бой түзеу- әуелі ой түзеу» тақырыбындағы баяндамамен таныстыру 3. Ағымдағы мәселелер.	Жиналыс хаттама Баяндама	6.09.2022	Ұйым жетекшісі Қыздар ұйымының та залықшылары Мектеп медбикесі
2	«Қызға қырық үйден тыю»	Дөңгелек үстел анықтама	21.09.22ж	Медбике Ұйым жетекшісі, ұйым мүшелері
Қазан айының жоспары				
1	№2 қыздар жиналысы 1.Қыздарының тәртібі, жеке бас тазалығы жайлы 2. «Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбындағы баяндама 3. Ағымдағы мәселелер	Жиналыс хаттама	5.10.22ж	Ұйым Жетекшісі Мектеп психологы
2	Қыздарға ұлттық тәрбие	сауалнама	20.10.22ж	Ұйым жетекшісі
Қараша айының жұмыс жоспары				
1	№3 қыздар жиналысы 1. Ғаламтор желісіндегі ойындарды қолданбау,беймезгіл уақытта көшеге шықпау мәселесі жайлы; 2. Қыздарды «Салауаттылық салтымыз» тақырыбында баяндама 3. Ағымдағы мәселелер	Жиналыс хаттама	10.11.22ж	Ұйым жетекшісі
2	«Қыздар сұлу көрінер қылығымен» Қыздарға арналған қарапайым кеңестер	кеңестер	17.11.22ж	Ұйым жетекшісі
3	«СПИД-ғасыр дерті» баяндама	Баяндама	28.11.22ж	Ұйым

Желтоқсан айының жұмыс жоспары

1	«Қыздың көркі шашы» тақырыбында оқушы қыздарға арналған шаш сән үлгісі туралы пікіралмасу	Пікір алмасу	8.12.22	Ұйым жетекшісі
2	№4 қыздар жиналысы 1. Оқушы ережесін сақтауды түсіндіру. 2. Қыздарды «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында баяндамамен таныстыру. 3. Ағымдағы мәселелер	Жиналыс хаттама	14.12.22ж	Ұйым жетекшісі
3	«Сен қалай өсіп жетілесің»	кеңес	23.12.22ж	Ұйым жетекшісі мүшелері

Қаңтар айының жұмыс жоспары

1	№5 қыздар жиналысы 1. Қыз балаға тән қасиеттер .Ой қозғау. 2. Қыздарды «Қыз – қылығымен көрікті» тақырыбында баяндамамен таныстыру. 3. Ағымдағы мәселелер	Жиналыс хаттама	11.01.23	Ұйым жетекшісі
2	«Жылы жүрек- жақсы тілек»	тренинг	18.01.23	мүшелері
3	«Иманды қыз, аяулы ана» «Зорлық-зомбылықтың алдын алу»	Дөңгелек үстел	25.01.23	Ұйым жетекшісі

Ақпан айының жұмыс жоспары

1	««Қызым саған айтамын, келінім сен тыңда» »	Әңгіме жүргізу	6.02.23ж	Ұйым жетекшісі
2	№6 қыздар жиналысы 1. «Тазалық денсаулық кепілі» жеке бас гигиенасы туралы маман кеңесі. 2. Қыздарды «Ерте жүктілік немен қауіпті» тақырыбында баяндамамен таныстыру. 3. Ағымдағы мәселелер.	Жиналыс хаттама	22.02.23ж	Мүшелері Мектептегі медбикемен
3	Қыз балалардың мұғаліммен этикалық қарым-қатынас жағдайы. Б) Сенімді дос, сырлас сыныптас.	Әңгімелесу	24.02.23	Ұйым жетекшісі Қазақ тіліпәнінің мұғалімі

Наурыз айының жұмыс жоспары

1	№7 қыздар жиналысы 1. «Ана.Келін. Бойжеткен» аналармен бірге дөңгелек үстел. 2. Қыз бала тәрбиесінде ата -ананың алатын орны.	Жиналыс хаттама	03.03.23ж	Ұйым жетекшісі «Асыл аналар» ұйымымен
2	«Әлемнің жарығын сыйладың сен маған»	Тәрбие сағаты	6.03.23ж	Ұйым жетекшісі Сынып жетекшісі

3	«Артық болмас білгенің...» Қағазбен,матамен жұмыс	Іскерлік сабағы	13.03.23ж	Ұйым жетекшісі
Сәуір айының жұмыс жоспары				
1	«Жас өренге айтарым бар құлақ салса»	Кездесу аналармен	4.04.23ж	Ұйым жетекшісі Ауыл әжелерімен
2	№8 қыздар жиналысы 1. Ғаламтор пайдасы мен зияны. 2. Қыздарды «Иманды болу парызың» тақырыбында баяндамамен таныстыру. 3. Ағымдағы мәселелер	Жиналыс хаттама	11.04.23ж	мүшелері
3	«Шығармашылық — жетістік бастауы»	Көрме	21.04.23ж	Ұйым жетекшісі
Мамыр айының жұмыс жоспары				
1	«Әдептілік- адамгершілік бастауы»	сабак	10.05.23ж	Ұйым жетекшісі
2	№9 қыздар жиналысы 1.«Инабат» қыздар ұйымының жылдық жұмыс жоспарының орындалу есебі 2. Ағымдағы мәселелер	Жиналыс хаттама	17.05.23ж	мүшелері
3	«Инабат» қыздар ұйымының жылдық жұмыс жоспарының орындалуы туралы есеп беру	Хабарлама	24.05.23ж	Ұйым жетекшісі

ДТДЖО:  Н.М.Асетова

Хаттама № 1

6 кыркүйөк 2022 жылы «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің жалпы қыздар жиналысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылына «Инабат» қыздар ұйымының жылдық жұмыс жоспарын жасап, бекіту.
2. «Бой түзеу- әуелі ой түзеу» тақырыбындағы баяндамамен таныстыру
3. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

1. Отырысты ашық деп жарялаған мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Асетова Н.М күн тәртібіндегі қаралатын мәселенің мазмұнымен таныстырды. 2022-2023 жаңа оқу жылына «Инабат» қыздар ұйымының жылдық жұмыс жоспарын жасап бекіту керектігін ескертті.
2. Тазалық секторы Асанова Камола «Бой түзеу- әуелі ой түзеу» туралы баяндама оқыды. Баяндамада қыз балалардың да жеке бас гигиенасын сақтау туралы акпараттар мен жаңалықтармен бөлісті.
3. Қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратова оқушылардың тазалығын, сабаққа қатысуын үнемі басты назарда ұстау керектігі жөнінде және тазалықшыларды, газет шығарушыларды, оқу секторларын сайлау керектігін айтып отырғандардан өз пікірлерімен бөлісуді сұранды.

Қаулы:

1. 2022-2023 жаңа оқу жылына «Инабат» қыздар ұйымының жылдық жұмыс жоспарын жасап бекітілсін.
2. Мектеп қыздарының сабақтан қалмауын, тәртібін, қыздардың жүріс – тұрысын, жеке бас гигиенасын қадағалауы қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратоваға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:  У.Абдумуратова

Хатшысы:  Х.Нарзулла

Хаттама № 2

5.10.2022 жылы «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің жалпы қыздар жиналысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. Қыздарының тәртібі, жеке бас тазалығы жайлы
2. «Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы!» тақырыбындағы баяндама
3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

1. Қыз балалардың тәртібі және жеке бас тазалығы тақырыбы аясында ДТЖО Н.М.Асетова «Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» екендігін, айтып мектеп қыздарының жеке бас гигиенасын сақтап, мектеп формасында жүру керектігін айтты.
2. Қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратова «Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» деген тақырыпта баяндама оқыды. Баяндаманы талқылығанда тазалық министрі Асанова Камола ертеде ата-бабаларымыз қыз балалардың тәрбиесіне аса қатты көңіл бөлгендігін айтып, қыздардың кез-келген ортада өзін сыпайы ұстау керектігі жөнінде пікір білдірді.
3. ДТЖО Н.М.Асетова қыздардың өздерін кез-келген жерде әдепті ұстап, жеке бас тазалығын тазалығын сақтап, формасын, бантиктерін үнемі таза, ұқыпты ұстау керектігін ескертті.

Қаулы:

1. Сынып қыздарының мектеп формасын сақтау, сабақтан қалмауы, жеке бас гигиенасын қадағалау қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратоваға жүктелсін.
2. Сыныптың қыздары өздерін кез-келген ортада өздерін әдепті ұстайтын болсын.

Жиналыс төрайымы:  У.Абдумуратова

Хатшысы:  Х.Нарзулла

Хаттама № 3

10.11.2022 жылы «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің жалпы қыздар жиналысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. Ғаламтор желісіндегі ойындарды қолданбау, беймезгіл уақытта көшеге шықпау мәселесі жайлы;
2. «Салауаттылық салтымыз» тақырыбында баяндама
3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе жайлы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.М.Асетова сөз сөйлеп, қыздардың ғаламтор желісіндегі ойындарды қолданбау керектігін, беймезгіл уақытта көшеге шықпауға тиіс екендігін айтып ескертті.
2. «Инабат» қыздар ұйымының мүшесі мектеп медбикесі Г.Абдулхамидова «Салауаттылық-салтымыз» деген тақырыпта баяндама оқып, әр бір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керектігін, дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі екендігін айтып өтті. Баяндаманы талқылығанда, 8-сынып оқушысы денсаулықты сақтау үшін дұрыс тамақтану, қоршаған ортаны жақсарту, сонымен қатар дене тәрбиесімен айналысу керектігі жөнінде пікір білдірді.
3. «Инабат» қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратова қыздардың өздерін кез-келген жерде әдепті ұстап, жеке бас тазалығын сақтап, мектеп формасын ұқыпты кию керектігін ескертті.

Қаулы:

1. Қыздардың ғаламторға, әлеуметтік желілерге, зиянды сайттарға кіруін қадағалау қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратоваға жүктелсін.
2. Қыздар кез-келген ортада өздерін әдепті ұстайтын болсын.
3. Қыздарының мектеп формасын сақтау, сабақтан қалмауы, жеке бас гигиенасын қадағалау қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратоваға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:  У.Абдумуратова

Хатшысы:  Х.Нарзулла

Хаттама № 4

14.12.2022 жылы «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің жалпы қыздар жиналысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. Оқушы ережесін сақтауды түсіндіру.
2. Қыздарды «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында баяндамамен таныстыру.
3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе жайлы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.М.Асетова сөз сөйлеп, оқушы мектепке сабақ басталмастан 15-20 минут бұрын келіп, сабақ өтетін сыныпқа барып, өз жұмыс орнына отырып сабаққа керекті оқу құралдарын дайындайтыны, мұғалімнің рұқсатынсыз оқушыға сабақ уақытында мектептен кетуге рұқсат етілмейтіні, оқушы сабаққа келе алмай қалған жағдайда сынып жетекшісіне сырқаттануы туралы дәрігерден анықтама немесе сабақ жібергенінің себебі туралы ата-анасының қолхатын беруі тиістігі жайлы айтты.
2. «Инабат» қыздар ұйымының мүшесі биология пәні мұғалімі Н.С.Асетова «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама оқу барысында қыз баласын тәрбиелеу – ұлтты тәрбиелеу деп, қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс – тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан жақты мағлұмат беріп өтті.
3. «Инабат» қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратова қыздардың өздерін кез-келген жерде әдепті ұстап, жеке бас тазалығын сақтап, мектеп формасын ұқыпты кию керектігін ескертті.

Қаулы:

1. Оқушылардың мектеп ережесін сақтауын қадағалау қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратоваға жүктелсін.
2. Қыздар кез-келген ортада өздерін әдепті ұстайтын болсын.
3. Қыздарының мектеп формасын сақтау, сабақтан қалмауы, жеке бас гигиенасын қадағалау қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратоваға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы: *У. Абду* У.Абдумуратова

Хатшысы: *Н. Нарзулла* Х.Нарзулла

Хаттама № 5

11.01.2023 жылы «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің жалпы қыздар жиналысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. Қыз балаға тән қасиеттер .Ой қозғау.
2. Қыздарды «Қыз – кылығымен көрікті » тақырыбында баяндамамен таныстыру.
3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

- 1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе жайлы «Инабат» қыздар ұйымының мүшесі биология пәні мұғалімі Н.С.Асетова сөз сөйлеп қыз баласы ұяң да инабатты,сыпайы ,жүріс тұрысы салмақты, орынсыз жыртыңдап күлмейтін,етегі ұзын,кең көйлек киетін, шектен тыс боянып, жасанбайтын болуы керектігі жайлы айтты.
2. «Инабат» қыздар ұйымының мүшесі мектеп тәлімгері Х.Нарзулла жиналыста қыз балалардың жеке гигиенасы, достармен және құрбылармен күнделікті қарым – қатынаста жаман әдеттерден аулақ болу қағидалары туралы, мектеп формасы жайлы баяндама оқыды. Баяндамада Ата-бабамыз сонау ықылым заманнан бері өздерінің ару қыздарын құрметтей білгендігі,«Қыз кылығымен көрікті » дегендей , қыз бала тәрбиесіне аса көңілге бөлумен қатар , оның бойына жақсы және қыз балаға тән қасиеттерді дарытуға күш салғандығы туралы айтып өтті.
3. «Инабат» қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратова қыздардың өзерін кез-келген жерде әдепті ұстап, жеке бас тазалығын сақтап, мектеп формасын ұқыпты кию керектігін ескертті.

Қаулы:

1. Мектептегі қыз балалардың қыздарға тән қасиеттерді сақтауын қадағалау қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратоваға жүктелсін.
2. Қыздар кез-келген ортада өздерін әдепті ұстайтын болсын.
3. Қыздарының мектеп формасын сақтау, сабақтан қалмауы, жеке бас гигиенасын қадағалау қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратоваға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы: *У. Абду* У.Абдумуратова

Хатшысы: *Х. Нарзулла* Х.Нарзулла

Хаттама № 6

22.02.2023 жылы «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің жалпы қыздар жиналысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. «Тазалық денсаулық кепілі» жеке бас гигиенасы туралы маман кеңесі.
2. Қыздарды «Ерте жүктілік немен қауіпті» тақырыбында баяндамамен таныстыру.
3. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

1. «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 9-10-11 сынып қыздары арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу» мақсатында жиналыс өткізілді. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе жайлы мектеп медбикесі Г.Абдулхамидова сөз сөйлеп Тазалық –денсаулығымыздың кепілі екендігін, тазалық бар жерде әрқашанда жақсы өмір қатар жүретіндігі жайлы, Денсаулығымыз мықты болуы үшін спортпен айналысып, әркезде де таза жүру керектігін айтты. Қыздарды ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеп, тәрбиелі, білімді, өнерлі болып өсуге, қыз балаға гигиеналық тазалықты дұрыс және күнделікті сақтауға кеңес берді.

2. Оранғай медицина орталығынан келген акушер-гинеколог Хаджиева Мухайя «Ерте жүктілік немен қауіпті» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама оқу барысында қыздарға ерте жүктіліктің салдары қандай болады; оның адам өміріне тигізетін келешектегі қауіп-қатері қандай; тағы басқада осындай үлкен сұрақтың төңірегінде әңгіме қозғалды. Олардың тарапынан сұрақтар мен пікірлер өте көп болды.

3. Оранғай медицина орталығынан келген акушер-гинеколог Хаджиева М қыздарға сақ болып, қазірден бастап олардың тәртібіне ата-анасы жұмыста болғанда үйде немен айналысатынын қадағалап, хабардар болып отыруы керектігі туралы айтты. «Инабат» қыздар ұйымының төрайымына қыздардың кешкі уақытта үйден шықпауы, интернет желісінде түрлі әлеуметтік желілерде отырмауын қадағалау тапсырылды.

Қаулы:

1. Оқушылардың жеке бас гигиенасын сақтауын қадағалау мектеп тәлімгері Х.Нарзуллаға жүктелсін.
2. Қыздар қез-келген ортада өздерін әдепті ұстайтын болсын.
3. Қыздардың кешкі уақытта үйден шықпауы, интернет желісінде түрлі әлеуметтік желілерде отырмауын қадағалау «Инабат» қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратоваға тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы: *У.Абду* У.Абдумуратова

Хатшысы: *Х.Нарзулла* Х.Нарзулла

Хаттама № 7

03.03.2023 жылы «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің жалпы қыздар жиналысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. «Ана.Келін. Бойжеткен» аналармен бірге дөнгелек үстел.
2. Қыз бала тәрбиесінде ата -ананың алатын орны.


Тыңдалды:

1. Отбасындағы тәрбие –өте маңызды рөл атқаратындығын көрсете білу үшін, мектеппен ата –ана байланысы ынтымақтастыру өзара серіктестік орнату ананың қыз балаға оқу тәрбиесіне қатысты жауапкершілігін арттыру мақсатында ДТЖО Н.М.Асетова аналардың қатысуымен «Ана. Келін. Бойжеткен.» тақырыбында дөнгелек үстел ұйымдастырды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Инабатты қыздар» ұйымының төрайымы У.Абдумуратова сөз алып 10 -11 сынып қыздарының аналарымен дөнгелек үстел аясында пікір талас жүргізілді. Дөнгелек үстел барысында аналардың көңіл –күйі жақсарды , бірігіп жұмыс істеу жүйесін дамыта отырып, қыздарына ақ тілектерін білдірді. Сонымен бірге ата –аналарға ынтымақтастықта бірлесіп жұмыс істеу және әр тұлғаны тәрбиелеуде қателіктерге жол бермеу үшін аналарға арналған жадынама тарқатылды.

2.Екінші мәселе бойынша мектеп психологі Р.Алиханова сөз алып былай деді. Құрметті аналар бүгінгі дөнгелек үстелдің мақсаты қыз бала тәрбиесінде ата-ананың алтын орнының ерекше екендігін аналарға ескерте отырып, аналарға барынша қыздардың көңіліне қарай отырып, оларды тыңдауды ұсынды. Қазіргі қыздар тамақ пісіруді білмейді, тігу немесе тоқу сияқты хобби бар деп мақтана алатындар аз. Ендеше тәрбиені қашан неден бастау керек. Қызға қол жетімді формада ненің жақсы, ненің жаман екенін түсіндіру керек. Қыз балаға «неге білмейсің» деген сөзді айтпаңыз. Қара немесе үйрен, ізден деген сөздерді қолданыңыз деп аналарға өз кеңесін айтып өтті.

Қаулы:

1. Ата –аналар жиналысы жиі өткізіліп тұруын қадағалансын. Сынып жетекшілер тарапынан қыздар гигиенасы туралы түсіндіру жұмыстары жандандырылсын.
2. Қыздарының мектеп формасын сақтау, сабақтан қалмауы, жеке бас гигиенасын қадағалау қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратоваға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:  У.Абдумуратова

Хатшысы:  Х.Нарзулла

Хаттама № 8

11.04.2023 жылы «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің жалпы қыздар жиналысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. Ғаламтор пайдасы мен зияны.
2. Қыздарды «Иманды болу парызың» тақырыбында баяндамамен таныстыру.
3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:


1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе жайлы «Инабат» қыздар ұйымының мүшесі биология пәні мұғалімі Н.С.Асетова сөз сөйлеп ғаламтор - қазіргі қоғамның ажырамас бөлігіне айналған дүние екендігін, тіпті, кейбіріміз ғаламторсыз өмір сүре алмайтын деңгейге жеткенімізді, ғаламтордың жылдамдығы нашарлап қалса болды, - ашуға беріліп шыға келетініміз жайлы айтты. Ғаламтордың пайдасы мен зияны жөнінде интернетті қолдана алатын кез келген адам өзіне қалаған ақпарат мен мағлұматты тауып, қажетіне жарата алады. мазалап жүрген сауалдарының жауабын табады деп, ал ғаламтордың келесі зиянды тұсы - адамның денсаулығы. Компьютер алдында ұзақ отырған адамның денсаулығы да нашарлай түседі. Өйткені ол қозғалыстан қалып, оның соңы бел, арқа, көз ауруларына әкелуі мүмкіндігін айтты.


2. «Инабат» қыздар ұйымының мүшесі мектеп тәлімгері Х.Нарзулла «Иманды болу парызың» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама оқу барысында қыз бала тәрбиесі қай кезде де назардан тыс қалып көрген жоқ. Әрбір қыз бала-болашақ ана. Ол өз өмірінің жалғасын, ертеңгі елді құрайтын және соған ие болатын ұрпақты өмірге әкелетіндігі тұралы жан жақты мағлұмат беріп өтті.

3. «Инабат» қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратова қыздардың өздерін кез-келген жерде әдепті ұстап, жеке бас тазалығын сақтап, мектеп формасын ұқыпты кию керектігін ескертті.

Қаулы:

1. Қыздардың ғаламторға, әлеуметтік желілерге, зиянды сайттарға кіруін қадағалау қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратоваға жүктелсін
2. Қыздар кез-келген ортада өздерін әдепті ұстайтын болсын.
3. Қыздарының мектеп формасын сақтау, сабақтан қалмауы, жеке бас гигиенасын қадағалау қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратоваға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:  У.Абдумуратов

Хатшысы:  Х.Нарзулла

Хаттама № 9

17.05.2023 жылы «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің жалпы қыздар жиналысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. «Инабат» қыздар ұйымының жылдық жұмыс жоспарының орындалу есебі.
2. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе жайлы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.М.Асетова сөз сөйлеп 2022-2023 оқу жылында «Инабат» қыздар ұйымының жылдық жоспарында бекітілген барлық іс-шаралардың, жиналыстардың өз деңгейінде өткізілгендігін айтып өтті. Жәнеде оқу жылы барысында мектеп ережесіне бағынып тәртібі жағынан жақсы көзге түсіп, мектеп формасын үнемі киіп жүретін қыздарды мақтап мадақтады. Келесі 2023-2024 оқу жылында бұданда жақсы нәтижелерге жетеміз деп жақсы ниетін білдірді.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе жайлы «Инабат» қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратова сөз сөйлеп 2023-2024 оқу жылындағы мектеп формасын, дене шынықтыру пәніне киетін формаларын бірдей қылып алу керектігі жайында ұсыныс білдірді. Басым көпшілік оқушылар бұл ұсыныспен келісті.

Қаулы:

1. 2022-2023 оқу жылындағы «Инабат» қыздар ұйымының жылдық жұмыс жоспарының орындалу есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

2. 2023-2024 оқу жылындағы мектеп формасын, дене шынықтыру пәніне киетін формаларын бірдей қылып алуын қадағалау ДТІЖО Н.М.Асетоваға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы: *У. Абдумуратова* У.Абдумуратова

Хатшысы: *Х. Нарзулла* Х.Нарзулла

**«Қос-Қорған» жалпы орта мектебіндегі «Қызға қырық үйден тыю»
тақырыбында өткізілген қыздар жиналысы туралы
МӘЛІМЕТ**

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде «Қызға қырық үйден тыю» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: Қыздарға салт-дәстүр арқылы аяулы ару, сүйкімді жар, сенімді дос, отбасы тірлігімен ұрпақтың тәрбиесіне жауапты міндеттерін түсіндіру, инабаттылыққа тәрбиелеу.

Жиналыс барысында ДТЖО-Н.М.Асетова сөз сөйлеп «Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі», «Шешесі отырып, қызы сөйлегеннен без», «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» деген даналық сөздерді айта кетіп, ата-бабаларымыз қыз баланың тәртібі мен тәлім тәрбиесін жоғары бағалап, қыздарды адамгершілікке, ізгілікке, әдептілікке, ар-ұяттылыққа, нысаптылыққа, мәдениеттілікке, тәртіптілікке, еңбекшілдікке, сұлулыққа, сымбаттылыққа баулып отырғандығы жайлы, әрбір ата-ана Аллаһ тағаладан жақсы перзент беруін тілейтінін және сол баланы тәрбиелеу, оны жетілдіру өте маңызды нәрсе екендігін оқушы қыздарға айтып түсіндірді.

«Инабат» қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратова қыз тәрбиесіне жалпы қатал болуымыз керектігін, өйткені болашақ ана атағына ие қыздар тәрбиесі нәзіктікпен қоса қаталдықты талап ететінін, ата-бабамыз қыз тәрбиесіне ерекше мән беріп, олардың дұрыс жағдайда тәрбие алып, болашақта ата-анасының бетіне салық түсірмеуін қадағалағандығын айтты.

Шара барысында оқушылар белсене қатысып, өз пікірлерімен бөлісті. Әрине, ең бірінші мақсат жақсы оқу, жақсы адамгершілік қасиеттерімен төменгі сынып қыздарына үлгі болу екендігін түсінді.



Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде «Қыз қылығымен көрікті» тақырыбында өткізілген қыздар жиналысы туралы

МӘЛІМЕТ

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 18 қаңтар күні «Қыз қылығымен көрікті» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді.

Максаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани-адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерін дамыту.

Жиналысты мектеп психологы Р.Алиханова сәлемдесу тренингі арқылы бастады. Бұл тренингте оқушылар беттерін –беттеріне, иықтарын- иықтарына, аяқтарын- аяқтарына тигізу арқылы сәлемдесіп жиналыс жақсы көңіл-күймен басталды.



Жиналыста қыз балалардың жеке гигиенасы, достармен және құрбылармен күнделікті қарым – қатынаста жаман әдеттерден аулақ болу қағидалары туралы, мектеп формасы жайлы мектеп тәлімгері Х.Нарзулла баяндама оқыды. Баяндамада Ата-бабамыз сонау ықылым заманнан бері өздерінің ару қыздарын құрметтей білгендігі, «Қыз балаға қырық үйден тыю» дегендей, қыз бала тәрбиесіне аса көңілге бөлумен қатар, оның бойына жақсы және қыз балаға тән қасиеттерді дарытуға күш салғандығы туралы айтып өтті.



Жиналысқа қыздар кеңесінің төрайымы У.Абдумуратова ,қыздар кеңесінің мүшесі Н.С.Асетова және тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары Н.М.Асетовалар қатысып қыздарға тәртіп пен тәрбие , тазалық пен ұқыптылық, сұлулық пен әдемілік жайлы әңгіме жүргізді. ТІЖДО Н.М.Асетова мектеп формасы жайлы сөз қозғап барлық сыныптарды тақтаға шығарып ,формасын көріп күнделікті бекітілген мектеп формасын киіп жүру керектігін айтты.



Қыздар жиналысында қыздармен әгімелесе отырып , ар-намысын, пәктігін, жоғары қоя біліп , жұрт алдында абыройлы болу, салауатты өмір салтын қалыптастырып, жеке гигиеналық талаптарды сақтау, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп төндіретіні туралы кең ауқымда талқыланды.

Жиналыс кезінде мектептегі оқушы қыздарымыздың барлығы мектеп формасын киіп, шаштарын өріп, бантиктерін тағып мектеп талаптарын дұрыс орындап жүргендігі байқалды. Мектеп формасын кимеген оқушыларға ескертулер айтылды.



«Қос-Қорған» жалпы орта мектебіндегі «Қызым саған айтамын, келінім сен тыңда» тақырыбында өткізілген қыздар жиналысы туралы МӘЛІМЕТ

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 06.02.2023ж күні «Қызым саған айтамын, келінім сен тыңда» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді. Жиынға ДТІЖО Н.М.Асетова, мектеп медбикесі Г.Абдулхамидова, қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратова, психолог маман Р.Алиханова қатысты.

Жиын тақырыпқа сай бейнероликпен басталды. Тақырып бойынша баяндаманы психолог Р.Алиханова оқыды.Баяндама оқу барысында бұл өте орнымен айтылған сөз екендігін аналарымыз кашанда сөзді астарлап жеткізіп отыратынын , Келін түскен кезде оған түсіндіру үшін,кейбір кате әрекеттерін түзету үшін қызға ақыл айтады..сонда келін оны түсініп,астарлап айтылған сөздің мағынасын ұғыну керек...ол тек қыз бен келінге ғана емес,көп жерлерге қатысты..яғни,баламалап жеткізу..жаңа түскен келінге дөп басып айта бермей,астарлап жеткізіп отырса,ол сол жерге тез үйренетінін айтып өтті.



Келесі сөз кезегін қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратова алып бүгінгі қызғалдақ қыздарымыз- ертеңгі ибалы да инабатты келін, болашақ ана, салихалы әже болары табиғаттың заңдылығы екендігін айтып қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән беріп ,жағымды жақтарына сүйсініп, жағымсыз жақтарын ескертіп тиым салып отыру керектігін айтып өтті.

ДТІЖО:

Асу

Н.М.Асетова

**«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде «Артық болмас білгенің.....»
тақырыбында өткізілген іскерлік сабағы туралы
МӘЛІМЕТ**

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 13.03.2023ж күні «Артық болмас білгенің.....» тақырыбында іскерлік сабағы өткізілді.

Максаты: Қыз балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.Өзін - өзі басқару, білім дағдыларын кеңейту, еңбек етуге икемдігін шыңдау.

Бұл іскерлік сабағы технология кабинетінде Технология пәні мұғалімімен бірге ұйымдастырылды. Алдымен оқушыларға қағазбен, матамен және моншақпен қалай жұмыс істеу керектігі туралы бейнеролик көрсетілді. Оқушылар бейнероликті мұқият қарап қағазбен, матамен, моншақпен жұмыс істеу технологиясын білді. Бейнеролик қарап болғаннан кейін қыздарға 3 түстегі моншақтар таратылды. Қыздар моншақтарды алып, моншақ түстеріне қарай 3 топқа бөлінді. 1-топ -қағазбен, 2- топ – матамен, 3-топ- моншақпен жұмыс жүргізді. Оқушылар технология пәні мұғалімінің көмегімен берілген заттардан бұйымдар жасады.



ДТДЖО: *Асу*, Н.М.Асетова

**«Қос-Қорған» жалпы орта мектебіндегі «Ерте жүктіліктің алдын алу»
мақсатында өткізілген қыздар жиналысы туралы
МӘЛІМЕТ**

Қатысқандар:

1. ДТДЖО – Н.М.Асетова
2. Мектеп медбикесі-Г.Абдулхамидова
3. Акушер-гинеколог- М.Хаджиева
4. Шақырылғандар: 9-10-11 сынып қыздары

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 22.02.2023ж 9-10-11 сынып қыздары арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу» мақсатында қыздар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: Жаңа әлеуметтік даму жағдайында қыз балаға тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, белсенді шығармашылық іс-әрекеттерге дайын ұлттық және әлемдік білім нәрімен сусындаған қыз балаларды тәрбиелеу.

Мектеп медбикесі Г.Абдулхамидова сөз сөйлеп Тазалық –денсаулығымыздың кепілі екендігін, тазалық бар жерде әрқашанда жақсы өмір қатар жүретіндігі жайлы, Денсаулығымыз мықты болуы үшін спортпен айналысып, әркезде де таза жүру керектігін айтты. Қыздарды ұлттық салт-дәстүрлерді кастерлеп, тәрбиелі, білімді, өнерлі болып өсуге, қыз балаға гигиеналық тазалықты дұрыс және күнделікті сақтауға кеңес берді.

Оранғай медицина орталығынан келген акушер-гинеколог Хаджиева Мухайё «Ерте жүктілік немен қауіпті» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама оқу барысында қыздарға ерте жүктіліктің салдары қандай болады; оның адам өміріне тигізетін келешектегі қауіп-қатері қандай; тағы басқада осындай үлкен сұрақтың төңірегінде әңгіме қозғалды. Олардың тарапынан сұрақтар мен пікірлер өте көп болды.



Оранғай медицина орталығынан келген акушер-гинеколог Хаджиева.М қыздарға сақ болып, қазірден бастап олардың тәртібіне ата-анасы жұмыста болғанда үйде немен айналысатынын қадағалап, хабардар болып отыруы керектігі туралы айтты. «Инабат» қыздар ұйымының төрайымына қыздардың кешкі уақытта үйден шықпауы, интернет желісінде түрлі әлеуметтік желілерде отырмауын қадағалау тапсырылды.

ДТДЖО: *Асетова* Н.М.Асетова

**«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде «Шығармашылық- жетістік бастауы»
тақырыбында өткізілген көрме туралы
МӘЛІМЕТ**

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 21.04.2023ж күні «Шығармашылық- жетістік бастауы» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

Көрменің мақсаты: оқушыларды көркем шығармаға баулу арқылы, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бар мүмкіндіктерді ашу.

Бұл көрмеге 7-11-сынып қыздары қатысты. Әр оқушы жыл бойы мұғалімнің көмегімен орындаған өзіндік жұмысын ортаға, яғни көрмеге шығарды. Әр оқушы өзінің көрмеге қойған бұйымдарының қалай жасалғанын, қандай мата қолданғанын, оюдың қандай түрін пайдаланғанын, түр үйлесімділігін айтып, жұмысын қорғады. Оюға қысқаша мағлұмат берді. Көрмеге оқушылар белсенді қатысты. Оқушылардың жасаған әр бір жұмыстары ескеріліп тиянақты, әдемі жасалған заттардың иелеріне мақтау қағаздары берілді. Нәтижесінде оқушылардың шығармашылыққа деген қызығушылығының артқандығы байқалды.



ДТЖО: *Ақ* Н.М.Асетова

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 1 желтоқсан дүниежүзілік ЖИТС/АИТВ-ға қарсы күрес күніне орай өткізілген қыздар жиналысы тұралы

М Ә Л І М Е Т

«Қос-Қорған» «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 1 желтоқсан дүниежүзілік ЖИТС/АИТВ-ға қарсы күрес күніне орай 28 қараша күні қыздар жиналысы өткізілді. Жиналысты ұйымдастырудағы басты мақсат оқушыларға ЖИТС/АИТВ инфекциясы жұқпалы ауру екендігін түсіндіре отырып, жұқтырмау шараларын әңгімелеу. Адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған кәтерлі СПИД дертінің алдын –алу, оның жұғу жолдарын, одан сақтана, қорғана білі туралы түсіндіру.

Жиналысты мектеп психологі Р.Алиханова «Жақсылық сыйла» тренингі арқылы бастады. Бұл жерде оқушылар бір-бірінің иықтарына бастарын қойып ішінде сол оқушыға жақсы тілектерін айтады.



Психолог Р.Алиханова оқушыларға «СПИД-ғасыр дерті» тақырыбында баяндама оқып берді. Баяндамада СПИД қайдан пайда болатыны, СПИДті қоздыратын вирустың таралу жолдарын, СПИД –тің алдын алу жолдарын, аурудың белгілерін және оны емдеу мәселелерін айтып өтті.





Мектеб медбикесі Г.Абдулхамидова интерактивті тақтада оқушыларға қәтерлі СПИД дертінің алдын –алу,оның жұғу жолдарын ,одан сақтана, қорғана білі туралы, Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын,өмір сүру қажеттілігін,бағалы байлық екенін түсіндірді.Гигиеналық мәдениетті қалыптастыру,балаларымыз сұлу да сымбатты денсаулығы зор,күшті болу үшін денені шынықтыру,оларға спортпен айналысуының қажет екендігін айтты.



Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.М.Асетова оқушыларға барлық нәрсе тәрбиеден бастау алатынын, егер мектепте тіртіпті болып мұғалімдердің айтқанын істеп жүрсе, бүгінгі айтылған алдын алу шаралары, гигиеналық дағдыларды сақтап жүрсе барлығы жақсы болатынын айтып өтті.Сынып жетекшілер арасынан У.Абдумуратова сөз сөйлеп қәтерлі СПИД-дертін емдегеннен алдын алған жақсырақ екенін айтты.

Дайындаған ДТЖО: *Асетова* Н.М.Асетова